

ХАБАРЛАМА: 2014 жылдың 29 мамырында "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы болып өтеді

"Қазақстан қор биржасы" (бұдан әрі – биржа), мекен-жайы Қазақстан Республикасы, 050040 Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат, өз акционерлеріне 2013 жылдың 24 сәуіріндегі Биржалық кеңестің шешімі негізінде (№17 отырыс хаттамасы) шақыртылатын, биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) болып өтетіні туралы хабарлайды.

Жиналыс **2014 жылдың 29 мамырында** Алматы уақытымен сағат 15.00-де: Алматы қ., Байзақова 280 көш, 115, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат, мекен-жайында болып өтеді.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2014 жылдың 29 мамырында 2014 года Алматы уақытымен сағат 14.00-ден 14.45-ке дейін жиналыс өтетін жерде жүргізіледі.

Жиналысқа қатысуға құқылы акционерлердің тізімі 2014 жылдың 15 мамырындағы сағат 00.00-дегі жағдай бойынша құрастырылады.

Кворум болмаған жағдайда қайталама жиналыс 2014 жылдың 29 мамырында Алматы уақытымен сағат 15.00-де жоғарыдағы мекен-жайында болып өтеді. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2014 жылдың 30 мамырында Алматы уақытымен 14.00-ден 14.45-ке дейін жиналыс өтетін жерде жүргізіледі.

* * *

Жиналыстың күн тәртібі

1. Биржаның 2013 жылдағы қызметі туралы.
2. Биржаның 2013 жылға жылдық қаржылық есеп берушілін бекіту туралы.
3. 2013 жылға биржаның таза пайдасын бөлу тәртібі туралы.
4. Биржаның 2014 жылға есеп берушілігі бойынша аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау туралы.
5. Акционерлердің биржа және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне шағымдары, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері туралы.
6. Биржалық кеңестің және Биржа Басқармасының 2012 жылға сыйақысының көлемі мен құрамы туралы ақпарат.
7. Биржалық кеңес мүшелеріне сыйақы төлеу туралы.

* * *

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдармен: биржада жиналыс өтуге дейін он күн бұрын танысуға болады.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде жиналысқа қатысушылардың жеке куәлігі, ал акционерлердің оған қоса өкілдерінің, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген, жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқық беретін сенімхаттары болуы тиіс.

Анықтама үшін телефондар: (727) 237 53 43.